



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Ахмет Әлия Серікболқызыakhmet.aliya@mail.ruЛ.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Аймақтану кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан.

«Интеграция» - әлемдік саясаттың лексиконында қалыптасқан терминдердің бірі. Халықаралық қатынастардың даму үдерісінде «қалай және қай бағытта жылжу керек» деген сұрақтың туындауы уақыт талабына сай болып табылады. «Интеграция» ұғымы латын тіліндегі «integratio» лексемасынан қалыптасқан термин, «қалпына келтіру, толықтыру» деп аударылады. Мемлекетаралық қатынастар саласына қатысты алар болсақ, ол ерікті және өзара тиімді және тығыз байланысты бөліктерді (субъектілерді) әлдебір дербес тұтастыққа біріктіру болып табылады.

Ал енді интеграцияның жаңа теорияларына келетін болсақ, олар интеграция мазмұны мен пішінін өзгертетін тарихи шешімдерге емес, дәстүрлі интеграция аспектілеріне, реттеу, техникалық стандарттар, әлеуметтік интеграция саласында шешім қабылдау үдерістеріне назар аударады [1,106].

Жаңа теориялардың тағы бір ерекшелігі олардың жаңадан мамандандырылуына байланысты және инновациялық сипатқа ие.

Еуропалық континенттегі интеграциялық үдерістің өзгерген аясы мен мазмұны ғалымдардың жалпы интеграция теориясына деген қызығушылығын тудырып қана қоймай, осы үдерісті зерттеуге бағыттады және жаңа теориялардың пайда болуына түрткі болды. Осы кезеңдерде көп деңгейлі басқару үлгісі секілді жаңа конституционализм, әлеуметтік конструктивизм теориялары құрылды.

Соңғы онжылдықта интеграцияны зерттеуде Г. Маркс, К. Бланк, Л. Хоуг сынды зерттеушілер жасаған көп деңгейлі басқару үлгісі немесе концепциясы зор мәнге ие болды. Интеграция үдерістері әлеуметтік-саяси жүйелердің пайда болуына ықпал етеді. Сондықтан осы теорияда күрделі, динамикалық және әртүрлі әлеуметтік жүйелерді реттеу мәселелерін зерттеуге аса көңіл бөлінді. Көп деңгейлі басқару концепциясы интеграцияның пайда болуын мемлекеттен де, халықаралық ұйымдардан бөлек жүйелер ретінде қарастырады.

Көп деңгейлі басқару үлгісі мемлекеттің егемендігіне тікелей қарсы келмейді. Керісінше, мемлекеттің өзін сақтап қалуға көмек болатын жүйе құрады. Осы үлгіге негізделген басқару жүйесі әлі де құрылуда. Осы бағытты жақтаушылардың пайымдауынша, көп деңгейлі басқару концепциясы сипаттайтын өзара қатынас жүйесі 1980 жылдардың соңында пайда болып, 1990 жылдардың басында аса дамыған интеграциялық блоктарда болды.

Дж.Руггидің пікірінше, көп деңгейлі басқару концепциясының зерттеу пәні халықаралық постмодернистік саяси формалар болып табылады, мысалы, билік түрлерінің қозғалмалылығы, тұрақсыздығы және т.б.[2,173].

Сонымен қатар, басқарудың түрлі деңгейлері (ұлттан жоғары, ұлттық және локальды) арасындағы ара-қашықтықты біртіндеп жоюға әкелетін жалпы тенденциядан басқа интеграциялық үдерістердің алдағы бағыттары жайлы болжам айту қиындау. Демек, аталған үлгінің басты құндылығы қазіргі интеграциялық бірлестіктердің басты белгілері ретінде күрделілікті, тұрақсыздықты бөлуге тырысудан тұрады.

Көп деңгейлі тәсілдің үлгілерінің бір нұсқасы – қоғамдастықтар теориясы болып табылады. Осы екі тәсіл де интеграция үдерісін жүйені басқару позициясында зерттейді. Алайда көп деңгейлі басқару үлгісі субұлтты, ұлттық және ұлттан жоғары акторларды, Еуропалық одақтың басқаруы мен шешім қабылдау үдерісіне ықпалы мен өзара қатынасына көңіл бөледі. Қоғамдастық теориясы жеке секторлар бойынша шешім қабылдау үдерісін

зерттейді және акторлар қатарына субұлтқа да, ұлтқа да, ұлттан жоғары деңгейге де жатпайтын, экономикалық және саяси мүдделерге сәйкес арнайы қоғамдастыққа тиесілі белгілер бойынша біріктірілген желілерге қатысушыларды қосады.

Қоғамдастық теориясының дамуы Еуропалық Одақты феномен ретінде қайта қаралуына әкелді. Саяси ғылымда ЕО-ны жиі бірегей құрылым деп атайды, оның бойынан мемлекет пен халықаралық ұйым белгілері табылады, ал қоғамдастық теориясын жақтаушылардың бірі Еуроодақты еуропалық, ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде басқарудың жаңа формалары мен жаңа институттарын құру мүмкіндігіне ие қауымдастық ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, интеграцияның мәні мен даму бағытын үдеріс ретінде сипаттайтын, түсіндіретін, болжайтын халықаралық қатынастардың макротеориялары болып қала беретін неофункционализм немесе мемлекетаралық бағыттармен салыстырғанда, қоғамдастық теориясы осы үдерістің нәтижесі болып табылатын саяси салдарларды сипаттауға, түсіндіруге, болжауға тырысады [3,123-124].

Институционалды бағыттың ерекшелігінің бірі - мемлекет пен басқа акторлардың өзара қатынасында институттардың маңыздылығына аса назар аударуы болып табылады. К.Телен мен С.Стейнмо саяси-экономикалық белсенділікті ұйымдастыратын институттар жай ғана құрал емес, сонымен қатар қатысушыларға оң шешім табуға жеңіл болатын «ақпараттарға толы» жағдай жасайды деп түсіндіреді. Институттар акторлардың қалауы мен саясат нәтижелері арасындағы делдал қызметін атқарады [4,28].

Қазіргі «жаңа» институционализм көлемді ғылыми парадигма тәрізді (бірнеше негізгі бағытты бөліп қарауға болады: тарихи, әлеуметтік, рационалды), сондықтан институт ұғымының бірнеше түсініктемесі бар. Мысалы, рационалды институционализм шеңберінде институттар интеграциялық үдеріске қатысушыларға міндеттемелер қоятын, шешім қабылдаудың заңды түрде рәсімделуі мен жүйесі түрінде анықталады. Акторлардың өзара қатынасында заңды шектеулердің болуы соңғысын өз стратегиялары мен тактикаларын формалды ережелерге сәйкес өзгертуге мәжбүрлейді [5,120].

Әлеуметтік тұрғыдан қарағанда институттарды қатысушылар арасындағы байланысты құратын қалыптаспаған ережелер, рәсімдеулер және өзара қатынастардың стандартты типтері деп түсінеді. Бұдан басқа, институт ұғымына қалыптаспаған өзара қатынас нормалары мен дәстүр және тәртіп ережелері сияқты «нормативтік әлеуметтік тәртіп» элементтері жатады.

Тарихи институционализм қырынан қарағанда, институттардың рөлі экономикалық және саяси әрекеттер үшін ортақ мәнмәтін жасау кезінде шынайы көрінеді. Көріп тұрғанымыздай, институттар акторлардың мақсаттары мен мүдделерін қалыптастыруға бейім және сонымен интеграция үдерісінің нәтижесіне тікелей ықпал етеді. Бұдан басқа, мемлекеттер-қатысушылар интеграциялық институттарға қатысуының ұзақ салдарларын алдын-ала бағалай алмайды, өйткені болашақта олар жаңа институттар жасайтын жағдайда әрекет етуге мәжбүр. Сонымен бірге, институттар интеграциялық үдерістердің даму жолдары мен нұсқаларын анықтайды. Мысалы, мемлекет тарапынан өз өкілеттілігінің бір бөлігін ортақ институт пайдасына беріп, ішкі жағдайды бақылаудан қол үзген тиімді болмас еді.

Институционализмдегі әлеуметтік бағыт институцияландырылған нормалар мен дәстүрлерді зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Институционализм интеграцияның түрлі аспектілерін зерттеуге ұсынады: шешім қабылдау шаралары, институционализмнің ұзақ мерзімді нәтижелері, мемлекетаралық қатынастардың формалды және формалды емес деңгейлердегі ерекшеліктері.

Институционализмнің интеграция зерттеуіне қосқан үлесі жаңа аспектілер мен мәселелерді анықтаудан тұрды. Мысалы, Т. Кристиансен Еурокомиссия жұмысын қараған кезде, бір институт шеңберінде көптеген ұйымдастыру ағымдарының өзара қатынасына назар аударды. Нәтижесінде, ол бір жағынан, саясиландыру мен бюрократияландыру тенденциялары арасындағы, ал екінші жағынан, дипломатия және демократия арасындағы

ішкі қайшылықтарды айқындады [6,125].

Институционалды бағыттың тағы бір артықшылығы - интеграция үдерісіне құқық саласының ықпалын ескеру болып табылады. Құқықтық нормаларды институционалдыру құқық саласының дербестігіне жағдай туғызды. Сәйкесінше, құқықтық жүйенің саяси және экономикалық жүйелермен өзара қатынасы интеграция үдерісінің дамуы мен бірігу деңгейі мен бағытын анықтау қажетті факторға айналады.

Конструктивистік тұғыр материалдық әлемнің объективті факторлары ретінде берілмей, шынайылық, сонымен қатар интергация үдерістері әлеуметтік түрде құралған деген болжамнан шығуда. Сәйкесінше, конструктивистер хаос пен анархия халықаралық қатынастардың объективті ортасы деген неореалистердің басты тезистерінің бірінен күмәнданады. Керісінше, халықаралық анархия – ол мемлекет субъективті қабылдайтын және олардың өзара қатынасымен жаңғыртылатын әлеуметтік өнертабыс. Халықаралық интеграция мәселелеріне қатысты конструктивистердің пайымдауынша:

- 1) халықаралық саясат құрылымы әлеуметтік өзара қатынастың нәтижесі;
- 2) мемлекеттер – қарқынды дамып келе жатқан агент;
- 3) мемлекеттік ұқсастық алдын-ала берілмейді, ұзақ өзара қатынас нәтижесінде пайда болады;
- 4) ішкі саясат пен халықаралық қатынастар арасындағы айрмашылықтар көп емес [7,325].

Конструктивистер интеграцияның қазіргі үдерістерін түсінуді:

- 1) идеялар ролін;
- 2) ортақ ұсыныстардың ықпалын;
- 3) басым ғылыми пікірлердің тиімділігін;
- 4) коммуникация үдерістерін талдаудан бастауды ұсынады.

Д.Чекелдің айтуынша, институционализм мен конструктивизм институттардың маңыздылығын білдіруімен ерекшеленеді. Егер, мысалы, институционалистер институттарды жеке мақсатты көздеулері бойынша өз стратегиясын өткізу үшін рационалды акторларды ынталандыратын формалды немесе формалды емес ойын ережелері ретінде анықтаса, конструктивистер институттарды кең көлемде анықтайды және осыған формалды ережелермен тең формалды емес нормаларды, субъектілер арасындағы түсінікті қосады. Олар актор жасайтын институттарға көп көңіл бөледі және олардың талғамын және ұқсастығын қалыптастырады. Бұл тезисті Т.Кристиансен мен А.Вейнер нақтырақ құрады: «жеткілікті дәлелдердің саны интеграцияның үдеріс ретінде мемлекеттің аймақтық жүйесіне трансформациялық әсер ететінін куәландырады» [8,529].

Конструктивизм бағыттарының бірі – әдістемесі қазіргі еуропалық интеграция үдерісінде белсенді қолданылатын әлеуметтік конструктивизм. Әлеуметтік конструктивистер еуропалық ұқсастықтың құрылу үдерісіне және осы үдерістің интеграция барысына әсеріне ерекше назар аударады. Әлеуметтік нормалар тек акторлардың әрекетін реттеп қоймай, олардың ұқсастығын құрайды, әлеуметтік конструктивистер интеграция үдерісіне ықпал ететін конструкция туралы еуропалық ұқсастық мәселесін көтереді.

Жалпы алғанда, транзакционализм сияқты конструктивизм де интеграцияны аймақтық интеграцияның жеке үлгілері: коммуникация, пікір алмасу, білім аясын кеңейту сынды жаһандық үдеріс ретінде қарастырады.

Сонымен, интеграциялық үдерісті теорияландырудың көп деңгейлі басқару үлгілері, жаңа институционализм және конструктивизм сияқты теориялармен ұсынылған жаңа тәсілдемелері біршама уақыт бұрын – XX ғ. 80 ж. соңы мен 90 ж. басында пайда болды. Олар Еуропалық Одақтың өзгерген реалиялары нәтижесінде пайда болды, оларды зерттеу мәселелері тереңдетілген интеграциялық үдерістің нәтижесі болып табылатын жаңа болмыстарды түсіндіруге бағытталды. Алайда, берілген теориялар таза интеграция теориялары болып табылмайды; біріншіден, осы теориялар зерттейтін мәселелер тобы классикалыққа қарағанда ықшам көрінеді, сондықтан оларды макро-ға емес медиум-деңгейге жатқызу керек; екіншіден, бұл теориялар итермелеуші күш емес, интеграция нәтижесіндегі

мәселелерге мән береді. Соған қарамастан, аталған теориялар интеграцияның жалпы теориясына елеулі үлес қосады. Бұдан басқа, бұл теориялар ЕО институттарының күнделікті мәселелерін, шешім қабылдау үдерістері мен рәсімдерін, сондай-ақ әлеуметтік үлгілерді алдағы интеграция үдерістерімен байланыстыруға; интеграция динамикасы мен оның болашақ даму бағытында бір-бірімен күрделі шиеленіскен үдерістердің өзара қатынасы мен әсерін анықтауға тырысады.

References:

1. Rosamond B. Theories of European Integration. – Hampshire: «Macmillan Press», 2000. – 232 p.
2. Ruggie J., Constructing the World Polity: Essays on International Institutionalization. – London: «Routledge», 1998 – 328 p.
3. Wiener A., Diez T. European Integration Theory. - New York: «Oxford University Press», 2004 – 290 p.
4. Thelen K., Steinmo S. Structuring Politics: Historical Institutionalism in Comparative Politics. – New York: «Cambridge University Press», 1992 – 257 p.
5. Rosamond B.: жоғарыда көрсетілген еңбек.
6. Rosamond B.: жоғарыда көрсетілген еңбек.
7. Checkel J. The Constructivist Turn in International Relations Theory. //World Politics. – 1998. - Vol. 50 – P. 324-348
8. Christiansen T., Jorgensen K. E., and Weiner A. The Social Construction of Europe. // Journal of European Policy. – 1999. - Vol. 6 – P. 528-544

УДК316.774

ЭВОЛЮЦИЯ СРЕДСТВ ПЕРЕДАЧИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ПОТОКОВ И ИХ РОЛЬ В СОЦИОКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Аяпбергенова Жулдыз Сериковна

ayapbergenova.zhuldyz@gmail.com

магистрант первого года обучения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
научный руководитель – А.М.Хажмуратова

Современный социально-политический процесс напрямую сопряжен с информационным фактором. Именно он является главным отличием современности от прошлого. Мир претерпевает, с одной стороны, рост давления на общество информационного фактора в сетевом, мобильном, технологическом измерениях, с другой – информационно-коммуникативные технологии все больше актуализируются в качестве ресурса власти, в частности, политической.

Эволюция средств передачи информации имеет многовековую историю, представляя собой неотъемлемую часть истории развития общества. Потребность в информации в том или ином ее виде существовала у человека из покон веков, она всегда играла огромную роль в жизни как общества, так и отдельного его представителя. Владение информацией, доминирование на информационном поле с древнейших времен было необходимым условием наличия власти у господствовавшей социальной группы. Однако, необходимо отметить, что потребности в обмене информацией всегда превышали существующие технические возможности их удовлетворения.

История знает несколько радикальных изменений информационной сферы, более известные как «информационные революции».

Возникновение письменности является *первой информационной революцией*. Письменность позволила накапливать и распространять знания из поколения в поколения.